ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



**№ 1(17) қаңтар-наурыз 2019**
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**
*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*
*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*
*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*
*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліққызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*

*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

## МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

**Жанибай С.Б.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

**Аңдатпа.** Мақалада халқымыз үшін ардақты есімдердің бірі –Мұстафа Шоқай жайлы болады. Ол Түркістандық зиялылар арасында орыс демократиялық бірлікте патшалық билікке қарсы тәжірибесін ғылыми талдауға алып, аса қажет тұжырымдар жасаған бірден-бір қайраткер. Саналы өмірін жеке қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі тектес халықтардың бәріне бірдей қамқоршы болу жолындағы үлкен арпалыспен өткізген Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы сәттерінне дейін Қазақстан мен Түркістанның қоғамдықсаяси өмірін терең зерттеп, осы мәселелер жөнінде мол ғылыми-саяси еңбектер қалдырды. Мұстафа Шоқайдың саяси қызметінің де, халықаралық оқиғаларды зерделеуі мен ғылыми-публицистикалық ізденістерінің негізін тарихилық принциптері құрайды.
**Түйін сөздер:** Ақшам, Яш Түркістан, Ресей Империясы, Түркістан

## МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ МУСТАФЫ ШОКАЯ

**Жанибай С.Б.**

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.

**Аннотация.** В статье рассматривается одно из самых важных имен для нашего народа – Мустафа Шокай. Он единственный, кто сделал самые необходимые выводы в научном анализе российского демократического единства туркестанских интеллектуалов. Мустафа Шокай, посвятивший свою жизнь заботе не только о казахском, но и о всех тюркских народах, изучал политическую жизнь Казахстана и Туркестана до конца своей жизни и оставил обширные научные и политические работы по этим вопросам.
Исторические принципы политической деятельности Мустафы Шокая, изучение международных событий и основа их научных и журналистских исследований – принципы истории.
**Ключевые слова:** Туркестан, Российская империя, Акшам, Яш, Туркестан.

## METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF HISTORY IN THE WRITINGS OF MUSTAFA SHOKAY

**Zhanibay S.**

Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan.

**Abstract**. The article considers one of the most important names for our people Mustafa Shokay. He is the only one who made the most necessary conclusions in the scientific analysis of the anti-terrifc Russian democratic unity of the Turkestan intellectuals. Mustafa Shokay, who devoted his life to caring not only for the Kazakh, but also for all Turkic peoples, studied the political life of Kazakhstan and Turkestan

until the last moments of his life and left extensive academic and political writings on these issues. The historical principles of the political activities of Mustafa Shokay, the study of international events and the basis of hisacademic and journalistic research are the principles of history.
**Keywords:** Turkestan, Russian Empire, Aksham, YashTurkestan.

**Кіріспе**

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті, ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев: Ғасырлар бойы азаттыққа ұмтылған елдің қай кезде көшін бастаған ұлт тұлғалары болған. Қоғамда жүріп өткен жолымызыдың ешқандай да бұрмалаусыз, өз уақытында халқымыздың болашағы үшін, бар ғұмырын күресте өткізген зиялыларымыздың артында қалдырған рухани мұрасын қалың оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу болса керек».

Мұстафа Шоқай өзінің «1917 ж. естеліктерінен үзінділер" атты еңбегінде: біз бұл тұста 1917 жылғы ревалюция ұлттық мемлекет құруымызға мүмкіндік береді де пүміттеніп, сеніп едік, бұл үмітіміз бен сеніміміз ақталмай, алданып қалдық», - деп жазады.Ол үшін өткенді пайымдау, оқиғалар мен құбылыстардың орын алуы мен дамуының түпкі себептерін ашу, сол арқылы белгілі бір мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жеңу, жіберілген кемшіліктерді түзету үшін қажет. Олай болмаған жағдайда өткен-кеткенді саралау ділмарлық пен жай мылжыңға айналды дейді Мұстафа. 1917 жыл туралы естелігінде ол қызыл сөздің құлы болудан, өзін дәріптеуден бойын аулақ ұстап, алғашқы ұлттық құрылым – Түркістан Мұхтариятының дүниеге келуіндегі объективтік қиындықтармен қатар, ұлттық күрескерлер тарапынан жіберілген қателіктерді пайымдауға күш салады.

Өзін-өзі басқару жолындағы маңызды қадам болып табылатын Мұхтарияттың тарихтан алатын орнын аңықтап, ол құлағаннан кейін өріс алған басмашылықты жалғыз Түркістанның ғана емес, «жалпы алғанда кеңестік билікке қарсы қозғалыс тарихында ерекше маңызы бар күллі халықтың көтерілісі» деп бағалайды.

Мұстафа саяси күрестің бағыт-бағдарын дұрыс аңықтау үшін тарихи оқиғалардың шынайы зерттелуіне үлкен мән береді. Осыған орай ол 1916 жылғы ұлт-көтерілісінің, Түркістан Мұхтарияты мен басмашылар қозғалысының бір-бірімен өзара тығыз байланыста, бір арнадағы, бір сипаттағы оқиғалар екендігіне назар аударады. «1916 жылғы көтерілістер «Қоқан автономиясы» және «басмашылар әрекеттерімен» қосылып, орыс тепкісіне қарсы бағытталған ұлттық қозғалыс тарихымыздың ең маңызды құбылыстарының бірінен саналады» деп жазады.

1916 жылғы қозғалыс 1916 жылғы қозғалыс – жалпы алғанда ұлттық қозғалыс, онда таптық күрестің елесі де болған жоқ. Осыған қарамастан кеңес тарихшылары оны Түркістан шаруалары мен ұлттық пролетариаттың орыс мұғажыр мұжығы және орыс пролетариатымен бірлесе отырып, орыс пен Түркістанның буржуазия табына қарсы жүргізген күресі ретінде түсіндіреді.

«Орыс мұжығы мен орыс пролетариатын 1916 жылғы көтеріліс кезінде түркістандықтарға көмектескен етіп көрсету тарихи шындықты бұрмалағандық қана болып қалмастан, өтірікті ойдан шығарудың теңдессіз үлгісі де бола алады», - дейді Мұстафа Шоқай.

1916 жылғы қозғалыстың түптамыры патшалық Ресейдің қоныс аудару саясатынан, орыс мұжықтарына жергілікті халықтың шұрайлы жерлерін тартып алып беруден, отарлық зорлық зомбылықтардан туындайды.

Орыс мұжықтар, кеңес тарихнамасында көрсетілгендей, отаршылдықтың саясаттың құрбаны емес, қайта оның ең басты әлеуметтік тірегі болды. Өйткені патша өкіметі мұжыққа сүйенсе, мұжық патшалық өкімет жүргізіп отырған жер саясатының игілігін көріп, өз жерінде түсіне еңбеген байлыққа кенелді.

Осылайша М. Шоқай қоғамтанушылардан бірінші болып Ресейдегі жалпы революциялық процестің біртұтастығы туралы лениндік тұжырымдаманың негізсіздігін көрсетті, себебі орыс

пролетариатының алдына қойған өз мақсат мүдделері болды, ал ұлттық қозғалыстар олармен жанаспай, өз арнасында дамиды, өзінің мұңмұқтажын көздейді. Сондықтан, «1916 жылғы Түркістан көтерілісі – Ресейге және жалпы орыстыққа қарсы бағытталған ұлттық бас көтеру» деп түйіндейді Мұстафа Шоқай. «Түркістан ұлттық күресінің себептері мен мақсаттары» атты еңбегі Истамбулда шығатын «Ақшам» газетінің 1931 жылдың 19 шілдесіндегі санында жарық көрген «Агент Лоуренс Түркістан халқын орыстарға айдап салды» деген мақаласында орай жазылады. Онда Мұстафа түрік халықтарының азаттық қозғалысының түпкі себептерін қайдағы бір ағылшын тыңшысының әрекеттерінен іздеушілікті тарихи шындықты көпе-көрінеу бұрмалаушылық екендігін, олардың күресінің кеше ғана басталмағандығын, 1916 жылғы патша жарлығына жаппай көтеріліспен жауап бергенін оқырмандар есіне салады. Түрік халықтарының бойкөтерулерінің большевиктік үстемдікке қарсы жалғасып отыруының басты себебі мен мақсаты тәуелсіздікке қол жеткізу деп нақтылайды. Бұл мәселелерді ол 1923 жылы «Orient et Occident» журналындағы «Ресей саясаты және Түркістанның ұлттық саясаты» деген еңбегінде де көтереді.

Қантөгісті жолдармен билік басына келген большевиктер тарихты да бұрмалап көрсетуге мүдделі болады. Сондай әрекеттердің бірі П.Алексеенковтың 1931 жылы Ташкентте жарық көрген «Қоқан автономиясы» (Алексеенков, 1931, 19) атты кітабы болатын. Ондағы әуелі М.Тынышбаев , кейін М.Шоқай басқарған бұл мемлекеттік құрылымның қозғаушы күштерін, үкімет құрамын және большевиктердің оны аяусыз жаныштауын бұрмалап көрсетуге бағытталған айла шарғыларды талдау арқылы М. Шоқай өлкеде орыс пролетариаты диктатурасы үшін ешқандай әлеуметтік негіз болмағанын көрсетеді. П.Алексеенков Түркістан Мұхтариятының халықтық сипатын жоққа шығаруға тырысады (Алексеенков, 1931, 19).

**Әдістеме**

Мұстафа Шоқай орыс тарихшысинң алдына мақсат етіп қойған осы тұжырымды дәлелдеу үшін ғылымға жат зерттеу әдістеріне жүгініп, тарихи фактілерді үзіп-жұлып пайдаланғандығын жазады. Оның «Бір ғылыми өтірікке қарсы» деген мақаласын өткір памфлет ретінде де, зерттеу әдістері пен принциптерін толық меңгерген ғалымның салиқалы ізденісі ретінде де қабылдауға болады. Онда таптық принципке негізделген тарихнаманың осал тұстары дөп басып атап көрсетіледі. Ол жөнінде ғалым-тарихшы М. Шоқай былай деп жазады: «Тарих жазудың екі жолы бар. Бірінші жолы: зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады. Оларды хронологиялық реті бойынша заманның жағдайына , ахуалына қарай зерттейді. Мәліметтер мен ақпараттардың бұлақтарын іздейді. Жиналған мәліметтерді өзінің ғылыми зердесінен өткізеді, орнына салады және ол мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып, талдау жүргізеді. Шын мәніндегі ғылыми тарих, міне, осындай тәсілмен жазылады. Екінші жолы: зерттеуші көздеген мақсаттарын күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырады» (Шоқай. 2007,225-226).

**Негізгі бөлім**

Яш Түркістан журналы. Кеңес тарихшыларының көпшілігі, оның ішінде жоғарыда аталған П. Алексеенков та, осы соңғы топқа жатады. Ғылыми ақиқатты бұлайша түсіндіру тәсілінің көзбояушылық пен дүмшелік екендігіне Мұстафа нақтылы мысалдар келтіреді. Дүниежүзінің біршама елдерінде белгілі бола бастаған шығыстанушы А.З. Валидидің өзі де М. Шоқайдың бұлтартпас дәлелдерге негізделген құрығынан құтыла алмайды. Қазақ қайраткері кімнің алдында болса да кібіртіктемей, бүкпесіз сөйлейді. Мұстафа Шоқай саяст күресте де, зерттеу әдістерінде де белгілі бір моральдық принциптердің болатындығын, шындыққа апаратын жолдың өзі де шынайы болуы керектігін ескертеді.

Мұстафа Шоқай шынайы тарихи ізденістердің сабақтарын саяси мақсатта пайдалануды қалағанымен, тарихи ізденістерді саяси мүддеге бағындыру арқылы жүргізуге үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. Оның қандай еңбегін алсақ та, осы зерттеу принципінен айнымайды. Ілгері жылжудың басты шарты – «қаншалықты зор, ащы болсын ақиқатын айту» екендігінен ауытқымайды. Мұны ол, тіпті, ұлт-азаттық күрес барысында шейіт болғандардың алдындағы парыз деп ұғынады.

Мұстафа Шоқайдың «Яш Түркістан» журналын да, ағылшын, француз басылымдарында да түркістандықтардың ұлт-азаттық күресі тарихына қайта-қайта үңілуі өлке тұрғындарының сыртқы күштерге қарсы шығауының оң да, теріс те тұстарын ашып, алдағы уақытта ондай келеңсіздіктерге жол бермеу ниетінен туындайды.

Тарихи зерттеу әдіснамасының кейбір мәселелері оның «Кеңес патриотизмінен – орыс ұлтшылдығына» деген мақаласында көтеріліп, мұнда тарихи ізденістер мен идеология арасындағы өзара қарым-қатынас туралы өзекті тақырып қозғалады.

Мұстафа Шоқай кезінде марксизмнің негізін қалаушылардың Ресейде «халықтардың түрмесі» деп атағандығын, ал профессор М.Н. Покровскийдің орыс тарихын осы тұрғыдан жазып шыққандығына, алайда оның бұл зерттеуі жаңа кезеңде орыс ұлтшылдығына қайшы келетіндіктен,

«ленинизмге қарсы» деп жарияланғандығын еске салады. Мұнан кейін осы «жаңа теория» бойынша Кеңес Одағы құрамындағы халықтардың тарихы қай тұрғыдан, қандай бағыттарда жазылуы жөнінде тиісті нұсқаулар берілгендігіне тоқталады. «Сталиннің айтуынша, Ресей тарихын күштеп отарлау тарихы деп сипаттау дұрыс емес. Ресей империясының тарихы көрші елдермен оңды қарымқатынастар, өзара кірігулер нәтижесінде «табиғи түрде» жасалған тәрізді. Бұл көзқарас бойынша, Ресей Түркістанды да, кавказды да немесе басқа бір орыс емес өлкелерді де отар етпеген көрінеді. Олардың бәрі жағырапиялық жағдайлар мен тарихи заңдылықтар жолымен Ресейге табиғи түрде қосылып кеткен сияқты» (Шоқай, 2007, 21).

Орыс ұлтшылдығын дәріптеу барлық баспасөз беттерінде жүргізіліп, мектеп оқулықтарына енгізіледі. «Правда» газетінде: «Кеңестік республикалар арасында ұлылығы жағынан бірінші орында Ресей Федерациялық Республикасы тұрады... Тең құқылы халықтар арасында біріншілік орыс халқына, орыс жұмысшысына, орыс еңбекшілеріне тиесілі. Өйткені төңкерістің алғашқы жеңістерінен қазіргі күн сәулетті дәуірге дейінгі барлық істерде оның (яғни орыс халқының) орны ерекше» деп көрсетіледі. Осылайша кеңес дәуірінде де орыс үстемдігі идеологиялық тұрғыдан негізделеді. Басқаша сөзбен айтқанда, Кеңес өкіметінің саясаты патша өкіметі саясатының тікелей жалғасы ретінде көрінеді.

Мұстафа Шоқай ұлы тұлға. Мұстафа Шоқай кеңес ұлт саясатының негізгі мақсаты орыс емес халықтарды ұлтсыздандыру, олардың ұлттық белгілерін жоспарлы түрде жоя отырып орыстандыру екендігін дәлелдеп береді. Орта Азияны әкімшілікаумақтық межелеу, қоныс аудару саясатын жүргізе отырып, өлкедегі демографиялық ахуалды өзгерту және орыстардың басымдылығын қамтамасыз ету осы мақсатты көздейді. Осы шаралардың қатарында идеологиялық мүдделерге орай тарихты бұрмалау және өкімет пен орыс ұлтын бір мағынада ұғынуды халық санасына енгізу секілді әрекет те орын алады.

Мұстафа Шоқай еңбектерінің әдіснамалық негізін елдегі орыс ұлтшылдығының үстемдігі мен тоталитарлық жүйе арасындағы өзара байланыс жөніндегі қағида құрайды. Мұсылман республикарында орнатылған отарлық, тоталитарлық жүйе идеологиясының ұлттық күрестің жетекшілеріне жала жабу, оларды қаралап, кертартпа ағымдарға жатқызу арқылы жүргізілетіні Мұстафаның «Түркістан лениншілдеріне жауап» деген мақаласында жан жақты талданады. Онда Кеңес өкіметінің әлеуметтік, экономикалық және мәдени салалардағы дағдарысты жекелеген адамдардың іс-әрекеттерінің салдары деп түсіндіру, соңғыларын «шоқаевшыларға» жатқызуға

тырысу әрекеттері әшкереленеді. Ұлт жетекшілеріне қарсы отаршылдардың күрес тәсілдерінің бірі – оларды Англияның, Түркияның, Жапонияның немесе басқа да мемлекеттердің «тыңшысы», «сыбайласы» етіп көрсету. Оның бір мысалын кеңес баспасөзінің М.Шоқай Түркістанды ағылшын доминионына айналдыру үшін күресуде деген жалғасынан көруге болатын.

Кеңес қайраткері Нәби Қыдыров өзінің бір еңбегінде: «Біз өз тағдырымызды кімдермен бірге және қайсы жолмен шеше аламыз: Мәскеудің басшылығымен, Мәскеудің көрсеткен жолымен бе , жоқ әлде ағылшындармен бірге ме?» деп жазады. Қазақ, не өзбек халқын тарих субъектісі деп есептемейтін мұндай адамдардың, әрине, Мұстафа Шоқайды да өз пайымдаулары шеңберінде ғана бағалауға тырысатыны белгілі. Себебі олар – Мұстафа шыққан биікке шыға алмаған жандар.

Ұлт-азаттық қозғалысының мәне мен мақсатының өңін айналдырып көрсету әрекеттеріне Мұстафа Шоқай: «Кеңес өкіметіне, «орыс басшылығына» қарсы бағытталған біздің күресімізді Түркістанда ағылшындар үстемдігін орнату жолындағы күрес деп есептеу ардан безген адамдардың ісі болмақ»деп тойтарыс береді (Шоқай, 2007,79). Ұзақ жылдар бойы жат жұртшылықтың езгісінде болып келген халықтың бір бөлігінде болса да құлдық психология қалыптаспай қоймайды. Ондай жандардың Н. Қыдыровша ойлау парқы да бұл тұрғыдан алғанда «заңдылық» болып көрінеді.

«Нәби мырзаның ойынша, Түркістан не орыстардың, не ағылшындардың қол астында болуы керек тәрізді. Кеңестердің тәрбиесінде өскен Түркістан лениншілердің кейбіріне орыс отаршылдығының ықпал еткені соншалық, олар тіпті өз атамекенінің тәуелсіз, еркін өмір сүре алатынын саналарына сыйғыза алмайтын күйге жеткен» дейді Мұстафа Шоқай.

Жат жұртшылықтың тәртібімен өмір сүруді «жетістікке» санаушылық «тұтқын синдромы» секілді құлдық психологиядан ғана туындайды. Осыған байланысты Мұстафа Шоқай үндістандық Лайпорт Ройдың «Кез келген ұлт үшін дүниедегі ең зор бақытсыздық басқа бір ұлттың тепкісіне түсу» деген пікірін келтіреді. Сондықтан да ұлттық дербестікке құштарлығы таусылмаған, өз мәдениеті, өз тілі бар, өз атамекенінде тұрған халықтың азаттыққа ұмтылысы ешқашан да тынбайды.

Он жерден озық деп есептелсе де, бөтен халықтың боданы болу – тұтқында болумен тең. Ал, ұзақ уақыт тұтқында болумен тең. Ал, ұзақ уақыт тұтқында болу адамның сана-сезімін өзгертіп, оны ерік-жігерін айырады, ақырында тұтқындаушысыз өмір сүре алмайтындай болып көрінеді, қанаушысын «қамқоршы» деп санауға келеді.

Мұстафа Шоқайдың «Шовинизм», «Большевиктер «тарихты» қалай жазады?» деген еңбектерінде де тарихи зерттеулер әдіснамасына орай біршама құнды пікірлер айтылады.

Мұстафа еуроцентристік тұжырымдамаларға қарсы шығып, барлық халықтардың тең құқылы туралы идеяны алға тартады. «Жалпы адамгершілік және философиялық тұрғыдан алғанда жақсы халық, жаман халық деген ұғым жоқ. Халықтың бәрі бірдей» деп жазады ол. Оның өмір бойы осы қағиданы бұлжытпастан ұстағаны жөнінде бір мысалды келтіре кеткен жөн (Шоқай, 2007, 271). Шетелде жүрген орыс кадеттерінің мұсылман әлеміне қарсы бағытталған шовинистік насихаты

«Последние новости» газетінің 1923 жылдың 10 наурызындағы бас мақаласында тағы бір көрініс береді. Онда Александрия кітапханасын өртеуге Халиф Омардың «бұйрық бергені» туралы аңыз қайталанады. Осыған орай Мұстафа Шоқай «Брокгауз және Ефронның энциклопедиялық сөздігіне» сүйеніп, кітапхананы Омардың тұсында Александрияны арабтар «жаулап алғанда» емес, одан әлдеқайда бұрын фанатик-христиандардың өртеп жібергенін айтып, жауап жазады.

Әрине, оның түркістандықтардың ұлттық намысын қорғап, мұсылман халықтарына жала жабушылыққа тойтарыс беруі өмірінің соңғы күндеріне дейін жалғасады.

Мұстафа Шоқайдың тарих әдіснамасы мен тарихи зерттеу әдістерін жетік меңгергендігі С.Брайнин мен Ш. Шафироның «Алашорда тарихының очерктері» деген кітабы жөнінде айтқан ой- пікірлерін айқын көрінеді (Брайнин, Шафиро,1935, 8). Мұстафа бұл авторлардың да басшылыққа алған таптықтпринципі де шындыққа жетудің кепілі бола алмағанын, Алаш қозғалысының түрік халықтары ұлттық күресінің жалаугері болғандығын жасырудың мүмкін еместігін айтады: «Кітап авторлары Алаш қозғалысын түрік халықтары ұлттық күресінің жалаугері болғандығын жасырудың мүмкін еместігін айтады. «Кітап авторлары Алаш қозғалысын большевиктік тәсілімен талдап болған соң, оқырмандарды осы қозғалыстың кейбір құжаттарымен, соның ішінде партия бағдарламасымен таныстырып кетуі пайдасыз болмас деп ойлаған. Сол себепті олар бұл құжаттарды өзгертпестен және оған түсіндірме беріп отырмастан кітапқа енгізіп жіберген.Мәскеу

«Правдасының» ашу-ызасын келтірген, кітапты «Алашорда ақтаушысы» деп атауына себепші болған, міне осы жайт еді» деп жазады Мұстафа Шоқай.

Алаш қозғалысынң тарихын бұрмалаушылыққа қарсы күресі барысында Мұстафа мұнан бір жыл бұрын «Историк-марксист» журналында жарияланған С. Брайнин мен Ш. Шафироның

«Алаш қозғалысының тарихын дәріптеу мен оны қара дүрсін түсінуге қарсы» деген мақаласымен де танысып, оны талдауға алады. Мақала 1933 жылдың 8 желтоқсанында Қазақ марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институтында оқылған баяндаманың қысқартылған түрі секілді.

Мақаланың негізгі катехизисі Алашорданы дәріптеу тап жауларының қарсылық көрсету формасының бірі болып табылады дегенге саяды. Саяси мүддеге бағындырылып, Алаш қозғалысын қаралауды мақсат тұтқан мақаладағы авторлардың «Ә. Бөкейханов Торғай облысындағы қазақ еңбекшілерінің көтерілісін басты», «М.Шоқаве Шкапскиймен бірге Жетісуда қазақ және қырғыз еңбекшілері бұқарасына қарсы бүлік ұйымдастырды», «Алаш интеллегенциясы еш ойланбастан самодержавие жағына шығып, ісімен де, сөзімен де оған көтерілісті жаныштауға көмектесті»,

